

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№4 (2023)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/GFEU2843>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/XUNY9642>

***А. О. Абдырова¹, М. И. Оразханова²**

¹Торайғыров университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.;

²Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар
педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

*e-mail: abdyrova77@mail.ru

ЛИРИКАДАҒЫ СЮЖЕТ МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҒАЛЫМ Қ. ЖҮСІП ЕҢБЕКТЕРІНДЕ ЗЕРДЕЛЕНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мақалада қазіргі қазақ әдебиетіндегі ерекше орында тұрған әрі көркемдік-эстетикалық жағынан қуатты, тілдік-бейнелілік жағынан өрнекті, ерекше жанр – лирика екендігі анықталады. Қазақ лирикасындағы сюжеттің берілу, дамуы, қалыптасу жолдары сөз етіледі. Салыстырмалы сипаттау арқылы әдеби көркемдік талдау әдістері қолданылады. Ғалым Қ.Жүсіп зерттеулері негізінде лирикадағы сюжет көріністері талданады.

Лирикадағы сюжет пен бейнеліліктің берілу жолдары, поэтикалық қуатының ерекше жанрлық көрінісі әдебиеттанушы-ғалым Қ. Жүсіп қалыптастырған сара жол негізінде жан-жақты зерттеледі.

Ғалым Қ. Жүсіп орыс-қазақ әдебиетшілерінің «лирикадағы сюжет» мәселесі туралы теориялық негіздемелері салыстырыла отырып, еңбектеріндегі ғылыми негізде сараланған қазіргі қазақ поэзиясындағы лирикалық сюжет көріністері, тартыс мәселелері қозғалады. Ғалымның зерттеу еңбектеріндегі ғылыми негізде сараланған қазіргі қазақ поэзиясындағы лирикалық сюжет мәселесі ақындар шығармалары арқылы талданады. Әдебиетші-ғалым Қ. Жүсіп еңбектері зерделеніп, онда лирикалық қаһарман арқылы танылатын бейнелердің адам ойына толымды болуы сезімге байланысты берілуі айқындалады.

Мақалада қарастырылған мәселелердің тағы бір–лирикадағы сюжетті өлеңдер ақын бойындағы шеберлігімен қабат адами негіздегі ақылдылық пен ойының бейнесі тұрғысында қарастырылады.

Зерттеу барысында авторлар әдеби талдау, салыстыру, саралау әдістерін қолданған.

Кілтті сөздер: лирика, сюжет көріністері, суреткер шеберлігі, поэтикалық қуаты, лирикалық қаһарман, әдеби талдау, зерделеу, шеберлік.

Кіріспе

Қазіргі қазақ лирикасында түрлік құрылым жағынан дәстүрден тыс, яғни дәстүрлі өлшемдерден өзгеше дамудың ақ өлең, верлибрлер, сюжетке негізделген оқиғалы өлеңдер мен графикалық суреттер арқылы көрінуде. Қазақ лирикасындағы аталған түр ерекшеліктерінің жалпы сипаты ақын қиялының көрінісі немесе ізденісінің бірі, демек лирикада суретке негізделген мазмұнды берудің бір жолы ретінде талантты ақындардың шығармаларында кеңінен орын алмаса да, белгілі бір дәрежедегі тәжірибелік деңгейде ұшырасып жатады. Олардың ішінде көнесі, әрі кең таралғаны – сюжетті өлеңдер. Белгілі бір сюжетті көрініске негізделген өлең қазақтың қара өлеңіне мүлдем кереғар құбылыс деуге болмайды, олардың қайшылығы ұйқастарында болып келеді. Бұл тұрғыда ғалым Қ. Жүсіп: «Лирикадағы сюжетті өлең құрылысында бұл өлшем көптен таныс болғанмен, оның мәні терең ашылмаған-ды, сюжетті өлең мен еркін өлеңді, қарапайым ұйқасқа негізделген өлең мен ырғақты поэзияны алмастырып жататын. Олай болуы заңды да. Себебі, сюжетті өлеңді саралау мәселесі біздің поэзиялық талдауда өте сирек болатын. Ондай лирикалық сюжетті талдау үлгілері поэзияның белгілі бір сипаты ретінде көрінген емес, қайбір ақынның ізденісі ретінде танылып, терең зерттеу объектісіне айналған емес. Өлеңтанушылардың мұндай көзқарасы ақындардың сюжетті өлеңге деген қатынасынан туындаған», – деп түйіндейді [1, 47]. Себебі, қазақ әдебиетінде сюжетті өлеңдер туралы дау-дамайлардың біршама өрістегені шындық. Ешбір ақын бұл өлең түрін шығармашылық негіз ретінде бағалап, мақсатты түрде ізденбеген, ол қосалқы рөлде болған. Сюжетті көрініске негізделген өлеңдер поэзияның негізгі құрылымдық негіздерінен бас тартып, ұйқассыз, шумақсыз қалыпта көрініп, модернистік бағыттың аясында танылып жүрді. Оның оқырман санасына өгей болып, ақындардың өзінен қолдау табудың орнына сынына ілігіп жүргені жөнінде Қ. Жүсіп: «Сюжетті негізде шыққан өлеңдер бізде бұрыннан бар. Бірақ ойға, образға, екпін-ырғаққа ғана сүйенген ұйқассыз өлең күні бүгінге дейін оңбай-ақ келеді. Оны айтасыз, қазақ поэзиясы он бір буынды шалыс ұйқастың өзін бауырына баспай-ақ қойды. Содан да болса керек, Абай орыстың он, он бір буынды шалыс ұйқастарын өзіміздің көне қара

өлең формасымен аударған. Иә, қазақ поэзиясы түшіркенгіш поэзия. Ұйқассыз өлең жаза бастасақ болды, сәби жырымыздың өн бойын бөрткен басып кете жаздайды. Төл туындыларымызды былай қойғанда аудармашылардың өзінде осылай. Сондықтан біздің көпті көрген тәжірибелі тәржімашыларымыз Уитменді де, Току Бокудi де, Пабло Неруданы да амалсыз ұйқасқа түсіріп жүр», – деп көрсеткен [1, 53].

Демек, лирикадағы сюжетті өлең дегеніміздің басты шарты - ақынның өзіндік дүниетанымы мен әлемді сезіну түйсігі, оны жеткізудегі поэтикалық образдардың көркемдігі мен күрделілігі, өзіне ғана тән даралығы болып танылады. Сюжетті өленді зерттеудің өзіндік шарттарын Қ. Жүсіп ғылыми негізде дәлелді түрде саралаған. Нақты айтсақ, поэзияда кеңінен таралған қара өлендегі ырғақтық-синтаксистік өзгешелік өлеңнің ішкі сарайына ықпалы зор болғандықтан оның құрылымы шығарманың идеялық, көркемдік, бейнелілік сипатымен тұтас қарастырылады. Ал, ғалымның пайымдауынша, сюжетті өлендерде белгілі бір ырғақ қайталануы тән болмағандықтан ырғақтық жүйесін тексеру аса үлкен ерекшелік ретінде танылмайды. Соған орай, сюжетті өлеңнің ой тудыру тереңдігі, образдар жүйесінің күрделілігі, ойды тура меңземей, тұспалдап жеткізетін жұмбақтығы тұрғысынан ерекшеленіп келеді.

Қазіргі күні де лирикадағы суретті көріністер сипаты ұлт поэзиясында көркемдік-бейнелілік, ырғақтық-интонациялық жүйесінің байлығымен талданып жүр. Қазіргі қазақ лирикасындағы сюжетті өлендер сол дамудың бір көрінісі.

Ғалым Қ. Жармағамбетов: «Жеңіл ойлы ақындарға сюжетті өлеңнің қиын табиғатының өзі де көне қоймас. Біздіңше, сюжетті өлең оны оңай олжа көргендердің емес, өмір бейнесін қиял дүниесімен қоса өрбіте алып, өлең өрімін белгілі бір оқиғалы негізге сабақтастыратындардың қаламынан шыққаны сөзсіз», – дейді [2, 61]. Демек, ғалым Қ. Жүсіп лирикадағы сюжетті өлең түрінің қазақ поэзиясында өріс алып, тамырын терең тарта алмай отырған себебін ашып көрсетеді. Сонымен қазіргі қазақ әдебиетіндегі лирикалық шығармалардағы сюжет мәселесінің нақты бар екендігі ғылыми негізде зерделенген. Нақты айтқанда ғалым Қ. Жүсіптің ғылыми еңбектерінде эпикалық, драмалық шығармалардың сюжеті көбірек айтылып, лирикалық шығармалардың сюжеті аз қарастырылуы сараланады. Біріншіден, лирикалық шығармада сюжет бар ма деген сұрақ ашық айтылған. Белгілі зерттеуші Т. Әбдірахманова Қазақ әдебиеті оқулығында: «Кейбір поэзиялық шығармада сюжет жоқ», [3, 61]. – деп лирикалық шығарманы мысалға алады. Орыс әдебиетінде де, қазақ әдебиетінде де лирикада сюжет жоқ деген пікірді айта отырып, бұл мәселенің әлі толық шешімін таппағанына назар аударғымыз келеді. «Әдебиет теориясы оқулықтарының авторлары: Г. Л.Абрамович, Л. В. Шепилованың пікірлеріне үнілсек, бұл мәселеде басқа да салдарлардың

бар екенін көреміз. Эпос пен драмаға қарағанда лирикалық шығармаға сюжеттік дамудың өзгешелігі тән. «Оқиғасыз» дейтін кейбір өлеңдердің де өзіндік сюжеті бар», екенін айтады. Ғалым көрсетуінде: «Г. Л. Абрамовичтің әдетте, лирикалық шығармаларда сюжеттік жүйе болмайды. Бірақ бұл сюжет жоқ дегенді білдірмейді. Онда да сюжет күрес пен даму барысындағы әсер, ой, сезім ретінде көрінеді», – дейді [4, 59].

Ғалым Қ. Жүсіп қолданған әдеби негіздемелі, сипаттамалы көркемдік әдістемелерге сүйенсек, онда біз лирикадағы сюжет мәселесінің маңыздылығына тағы да көз жеткізе түсеміз. Нақты айтқанда, лирикадағы сюжет көріністері – өлеңдегі кейіпкердің ғана емес, оқырманның да көңіл-күйіне ерекше ықпал ететіндігін ескергеніміз дұрыс.

Зерттеудің нысаны: Лирикадағы сюжет мәселесі

Зерттеудің пәні: Қазіргі қазақ поэзиясындағы лирикалық сюжет көріністерінің зерделену ерекшеліктері

Мақсаты: Лирикадағы сюжет мәселесі туралы түсінік беру. Орыс-қазақ әдебиетшілерінің теориялық негіздемелерін салыстыра отырып, еңбектеріндегі ғылыми негізде сараланған қазіргі қазақ поэзиясындағы лирикалық сюжет көріністерінің нақтылығын айқындау.

Міндеттері: лирикадағы сюжет мәселесі туралы орыс-қазақ әдебиетіндегі зерттеулерге тоқталу; сюжет мәселесі оның зерделену ерекшеліктерін поэзиялық шығармалардан алынған мысалдар арқылы көрсету.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі: салыстырмалы сипаттау, саралау арқылы әдеби көркемдік талдау әдістері қолданылды.

Зерттеу нәтижесі бойынша лирикадағы сюжеттік көріністердің бар екендігін әдеби тұрғыда көрсету, лирикадағы қаһарманды, оның жеке көзқарасын, жай-күйін, т.б. ерекше қасиеттерін де ашуды, лирикадағы сюжеттік көрініс сипаты арқылы қаламгер әлеуметтік, қоғамдық құбылыстарды бейнелеп көрсетуді, сюжеттік көрініс негізінде өз бойындағы сезім құбылысын жанды көрініске айналдыра алатындығын байқадық.

Материалдар және әдіс-тәсілдер

Қазіргі лирикадағы әдеби теориялық талдауларға зер салсақ, шетел әдебиетшілерінің лирикадағы сюжет мәселесінің маңыздылығы «лирикадағы сюжет, поэзиядағы баяндау формалары мен баяндау көріністері» туралы жазған теориялық негіздемелеріне сүйене отырып салыстырмалы талдаулар жүргізген [5, 17].

Қазіргі қазақ лирикасында сюжеттік көрініс мәселелері жан-жақты терең зерттеулердің нысаны болуда. Сипаттамалы түрде талдау арқылы, ой қорыту арқылы лирикадағы сюжеттік зерттеу - әдебиеттануда аса күрделі мәселелерінің бірі ретінде болмаса да өзіндік күрмеуі көп мәселелердің бірі екендігі белгілі

Поэзиялық шығармалардағы сюжеттік көріністердің берілу жолдарын зерттеушілер алдымен, лирикалық акындардың шығармаларындағы тақырыптық ерекшеліктерді суреттейтін объектінің сипатын, шығарманың мазмұндық сипатын зерделеген.

Ақынның суреткерлік дүниетанымы мен шеберлігінің қалыптасып, кемелденуіне орай жаңа сипаттармен мольғады, дамып жетіледі. Дами, өзгере, айқындала отырып белгілі бір көрініс суреттері қайталанбай өзіндік тек сол суреткерге ғана тән көріністермен қала береді, оның жекелік дамуының сипаттарын танытады. Демек, ғалым Қ. Жүсіптің лирикалық шығармалардағы сюжеттік көріністердің берілу сипаты туралы айтылған пікірлерді сараптап, ортақ түйінге жүгінгеннен кейін, оның басты өзекті саланы, дербес бейнелілік тудыратын стильді арнайы қарастыру қажеттігі туады. Сюжеттік көріністердің айқын көрінісін тудыратын жеке ақын стилінің ерекшелігі, мәні туралы тұжырымдар өте мол. Нақты айтсақ, онда ғалым Қ. Жүсіп болжамынша ең көп тарағаны және қолайлысы не десек, ол – ақынның түгелге дерлік шығармаларында кездесетін негізгі идеялық – көркемдік ерекшеліктердің (идея, тақырып, кейіпкер, сюжет, тіл) бірлігі дербес стильді негіздейді деген пікір болып танылады. Сонымен, лирикадағы сюжет мәселесімен қатар ақын еңбектеріндегі дербес стильдік негіз – лирикалық сюжеттік көрініс сипатындағы ішкі бірлік пен табиғилықты оның шығармаларының құрылыстық жүйесіндегі жеке элементтердің жүйелігі мен сарын беріктігін, олардың бір-біріне сай келушілігі мен өзара байланысын т.б. ашатыны орынды айқындайды. Ғалым Қ. Жүсіп еңбектеріндегі сюжеттік көріністерді саралайтын ерекшеліктердің берілу әдіс-тәсілдеріне тоқталсақ, онда қазақ поэзиясында өзіндік сара жолы, дербес стилі бар, дәстүр мен жаңашылдықты ұштастыра алған, өзіндік тіл қолданысы бар, стиль қалыптастырған әдеби құбылыс ретінде мойындалған ақын Қ. Мырза-Әли шығармаларына тоқталамыз. Ғалым Қ. Жүсіп зерттеулеріндегі Қ. Мырза-Әлидің «Көңтері» атты өлеңінде лирикалық сюжеттердің негізгі суретті құбылысын нақты түрде айқындай аламыз. Нақты айтсақ, онда: «Ағайындар, Құлақтарың тосындар. Жырыма жыр, Сырыма сыр қосындар.. Мінез-құлқы ақша бұлттан жаралған, Үлбіреген жаны нәзік досым бар... Барлық пәле түсінбеуден басталар..» деп басталып, ары қарай сюжетті ойды өрбітіп кетеді. (Қадыр Мырза-Әли, Көңтері). Ақын өлеңінде екі адамның бейнесі қатар беріледі (біреуі-лирикалық қаһарман айқын көріністе, екіншісі – жасырын, көрінбей қатысушы ретінде). Әрине, бұл бір лирикадағы сюжеттік сахнаға екі адам бірдей шығады деген сөз емес, өлеңнің оқиғасымен танысып, ой-сезімді түйіндегенімізде екі кейіпкер бейнесін аңғарамыз. Демек, лирикалық өлеңнің ішінде лирикалық қаһарманы бар бейне – кеңірек (лирикалық мүмкіндік аясында) пайда болса, екінші тұлға лирикалық қаһарманның әсерін қабылдап, оған сәл әсерлі түрде жеке

қасиеттерін ғана көрсетеді. Ендеше, қарым-қатынастың шағын және әртүрлі өзіндік түрін жоққа шығара алмаймыз.

Ғұлама А. Байтұрсынов: «Сондай-ақ бір кездері қазақ әдебиеті тарихында (ауыз әдебиетінде) жанрлар араласып кетсе, жанрлар (жазбаша әдебиет дамыған кезде) дамып, іргетасы ортақ, әрқайсысының өзіндік дербес ұғымы болса, ол әдебиетте тұтастай, өзгермей қатып, бекіп қалады деген ой туындамауы қажет», - деп көрсетеді [6, 72]. Қазақ әдебиетінің дамуында әр жанрдың өзіне тән ерекшеліктерін сақтап, дамуына, басқа жанрлардың қатты әсер етіп, сол арқылы күрделене түсетінін жиі байқадық.

Ғалым зерттеулерінің нысаны болған Қадыр Мырза-Әлидің «Көңтері» атты өлеңінен шағын үзінділерді сөйлем түрінде алсақ: «Өмірде, істеместі істейді оған басқалар. Оған нұрын түсірмейді жарық үй. Жаны жүдеп, жүреді ашып әрі ми. Момындарға бәрі батыл, бәрі би. Болмаса да дұшпандығы қастығы. Болмаса да басбұзарлық, мастығы. Сондай-ақ кемістігі жұмыстың. Қысып-қысып алады оны бастығы...», - деп, сюжеттік көрініс оқиғасын өрбітіп әкете береді. Момынға бәрі ержүрек, бәрі еркін, ұстамдыға бәрі шебер, бәрі би. Әрине, лирикалық оқиғадағы айтылған сәттердің, жазылғанның бәрін дәл қабылдай алмаймыз. Әйтсе де, ақын өз шығармасында кейіпкердің бір сәттік көңіл-күйін қабылдамай, бүкіл өмірін қысқаша баяндағысы келетіні анық. Лирикалық сюжетте лирикалық қаһарманның бүкіл өмір жолы да, поэтикалық «мені» де бір сәттік сезім көзімен бағалауы да кездеседі. Сондықтан біз лирикалық сюжет көрінісін сипаттағанда, адам өмірін талқылау емес, лирикалық қаһарманның естелігі мен ықпалына тоқталамыз. Лирикалық қаһарман бойында жеке интерпретациясымен, өзіндік пайымдауымен дербес бейнесі мен ерекшеліктері бар. Лирикалық қаһарманның «достарына» қарайтын түрі бар, «достарының» оған жауабы жоқ. Бірақ оның орнына лирикалық қаһарманды асқақ сезімдерге жетелейтін «ойлау» әсері бар. Бұл өлеңде адамгершілік негіздегі қарым-қатынастар да аз да болса берілген. «Көңтеріге» бастық ұрысқанда пайда болатын «мен» деген лирикалық сезім әйелінің оны ұнатпауының толқуымен бірдей емес. Біраз уақыттан кейін бастапқы сезім күшейе түсті. Сондықтан «сәтті» шыққан сюжетті көрініс сипатталған өлең деп айтқымыз келеді. Оның үстіне лирикалық қаһарманның сезімі бір қырынан ғана көрінеді деп айта алмаймыз. Оның бойында бағалау, аяу сезімдері астасып жатады. Олардың әрқайсысын бөлек қарастыру мүмкін емес, тек бірлікте алған кезде ғана түсініп, түсіндіріледі. Бұл туралы ғалым Қ. Жүсіп: «Лирикалық шығармалардың негізінде берілетін мәтінінде бір уақытта бірнеше адам бейнесін қолдануға болады. Бірақ бұл ерекшелік - ондағы көп бейнелерге әкелмейді. Егер көп кейіпкер бейнесі образды түрде суреттелсе, ондай болса эпикалық шығармаларға тән белгілер басымдылық көрсетер еді», - дейді [4, 78]. Сонымен, лирикалық шығармаларда дәстүрлі түрде

бірнеше образ қолданылса да, оның бәрі де адамның, лирикалық қаһарманның сезімін ашуға септігін тигізетіні айқын. Дегенмен, лирикалық өлеңдерде тек кейіпкер бейнесін жасау жеткіліксіз, егер қосалқы кейіпкердің іс-әрекеті басты кейіпкердің образын ашса, онда сюжетті көріністің дамуына біршама септігін тигізеді де даусыз.

Лирикадағы сюжет белгілі бір оқиға көрінісін сипаттағанда міндетті түрде кейіпкерлер арасында сезім мен тартыс қатар жүреді.

Қазақ әдебиеттануының кейінгі үш онжылдықтағы даму тарихына көз жүгіртсек, лирикада өзіндік тартыс барын ешкім жоққа шығармайтын сияқты. Осы орайда лирикадағы сюжет пен тартыс арасындағы қатынас мәселесін ашып көрсетсек, онда ғалым З. Қабдолов өзінің «Әдебиет теориясы» оқулығында: «Лириканың даулы және даусыз түрлері бар» деп түйіндейді [7, 43]. Әрине, лирикада қарама-қайшылық болғанымен, эпос пен драмаға қарағанда олардың өзіндік ерекшелігі көп екенін ұмытпаған жөн. Біріншіден, ол өзінің шарықтау шегіне жетпей, эпос пен драмадағыдай кең тарай алмайды. Лирикалық шығармалар мәтінінде барлық кезең емес, тартыстың кейбір сәттері ғана сақталған. Осы орайда ғалым Қ. Жүсіп: «Лирикалық өлеңдерде сюжетті көріністерде тартыс пен кикілжің және қарама-қайшылықты сезімдердің өзара тоғысуын аңғарамыз. Нәтижесінде лирикалық шығармаларда сюжеттік көрініс мәселесі психологиялық жағдайларға да ұласуы мүмкін», - дейді [4, 54]. Ғалым Қ. Жүсіп өз дәйектемелерін айқындау үшін бірнеше ақындардың өлеңдерінен үзінді келтіреді. Нақты айтсақ, онда психологиялық күйді сездіретін лирикалық өлеңдер Қадыр Мырза-Әли шығармаларына тән екендігін аңғарамыз: «Өмір деген ап-ащы ермен бе еді! Қайда адамның жинағы, Тергендері?! Сұрақтарды арқалап жауабы жоқ, Маршруттар қысқарды серуендегі. Жатыр көп сыр айтылмай, Жазылмай да. Жазылмай да, Тереңдеу қазылмай да! Ойлар қайда өлеңге сыймайтұғын, Қинайтұғын түнімен сезім қайда!?» деген тәріздес адамның психологиялық күйінен хабар беретін жыр сөздерін кездестіреміз (Қ. Мырза-Әли, 281 б.). Біздің осы орайда сезімнің психологиялық сәтін анықтағымыз келетіні - оның өткені мен кейінгі жағдайында біз тек жеке сәтті көре алатын мүмкіндіктер мәселесі екендігі анық. Осы тұста өлең жолдарында кейбір жайлар айтылмай-ақ та түсінікті болып жатады. Ал, өлеңде кездесетін кейбір детальдар мен ым-ишаралар арқылы беріледі. Ақын өзі жасаған шынайы образдар арқылы өз ойын ұтымды, әсерлі жеткізе білген. Мәселен, ғұлама Мәшһүр Жүсіп шығармаларында да сюжетті көріністерді жиі ұшырата аламыз. Мысалы ғұламаның «Жарты нан» атты өлеңіндегі жалпы психологиялық күйге негізделген қысқа сипаттамаларға тоқталсақ, онда өлеңдегі кеудеден шыққан айдаһардай арыны қатты ойлардың үлкен, үрейлі болуы, жақсылық жасағанды жұтып қоятындай әсер етуі оқырманның назарын бірден аудартады. Бұл өмірде

өзіне көмектескен адамға адал емес, қайта жау болуға дайын адамдардың барын еске түсіреді.

Ғұлама өткен ғасырлардың өзінде-ақ адамның бойындағы қайшылықты сезімдердің даму үлгісін шынайы көрсете білген.

Кейде біреуге қамқорлық жасап, жарты бөлке нан беру сол адамға жақсы да, жаман да. Бұл суретшінің қарапайым адамның санасында болатын аз ғана объективтілікке деген қамқорлығынан туған. Ақын адам сезімінің жан-жақтылығын, ішкі қайшылықтармен күрестің мәнін таныта отырып, батырдың жан дүниесіне терең бойлаудың үлгісін көрсетті. Мәшһүр Жүсіптің «Сәйгелді, сона, бөгелек» деп аталатын екінші өлеңінде халықты қыспаққа алып, зорлық пен қорлыққа жетелейтін аңғалдық пен надандық сыналады (Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. 218 б.). Сөйтіп, ақын өзінің сюжетті өлеңдерінде қатыгездік пен адамгершіліктің қарама-қайшылығын ашып көрсеткен. Демек, лирикалық шығармалардағы сюжетті көрініс сипаттамасы - бүгінгі қазақ лирикасында да ерекше көңіл аударуды қажет ететін ерекше әдеби әдіс негізі екендігіне көз жеткізе түсеміз.

Сонымен қатар, ғалым Қ. Жүсіп өзінің ғылыми зерттеулерінде лирикалық сюжеттің қалыптасу жолдарын келесі түрде сатылап көрсетеді. Нақты мысалдар келтірсек, онда: лирикалық қаһарман, лирикалық әсемдік, идея және тақырып, лирикадағы композиция, т.б. сюжеттік көріністердің жиынтық табиғатын нақты саралаған. Демек, ғалым Қ. Жүсіптің еңбектеріне сүйене отырып, лирикалық сюжет табиғатын зерделесек, онда лирикадағы сюжетті жалаң әрі құрғақ түрде көрсету немесе белгілі бір әдеби ережеге сәйкес шектеумен тоқталу мүмкін еместігіне көзіміз жетеді.

Нәтижелер мен талқылаулар

Лирикадағы сюжет мәселесіне әдеби-теориялық талдаулар жүргізілгенде тек біржақтылық талдау жүргізу мүмкін емес. Себебі, лирикадағы сюжеттік көріністердің бар екендігін әдеби тұрғыда көрсету – лирикадағы қаһарманды, оның жеке көзқарасын, жай-күйін, т.б. ерекше қасиеттерін де ашуды қажет етеді. Лирикадағы сюжеттік көрініс сипаты арқылы қаламгер әлеуметтік, қоғамдық құбылыстарды бейнелеп көрсете алады. Демек, сюжеттік көрініс негізінде өз бойындағы сезім құбылысын жанды көрініске айналдыра алады. Лирикадағы сюжеттік көрініс - айналамыздағы дүниені, өмірді танып-білудің күшті құралы, біздің қоғамдық ой-санамыздың, көркемдік-эстетикалық сезіміміздің үлкен өнімді саласы ретінде де танылады. Лирикадағы сюжеттік көріністер арқылы ақындардың өз бойына тән сөз қолдану шеберлігі, көркемдік шеберлік негіздері айқындалады.

Лирикалық шығармаларда тек тіл, сөз ғана емес, ой да көркем, бейнелі болып келеді. Лирика тіліне көркемдік қуат дарытатын, сипат, өң беретін сол ой-сезім тереңдігі, өткірлігі, әсерлілігі екендігінде білеміз.

Лирикалық туындылардағы сюжеттік көрініс ұғымы түрлі деңгейде, яғни белгілі бір дәуірдегі әдебиет дамуының ерекшеліктерінен бастап әртүрлі әдеби бағыттар мен әдістердің ерекшеліктері, жеке қаламгер шығармаларына тән ерекшеліктер, сондай-ақ жеке туындының ерекшеліктеріне дейінгі түсінікті қамтитындығы айқындалды. Ғалым Қ. Жүсіптің пайымдауынша: «Лирикадағы сюжеттік көрініс сипаттамасын көбіне жеке қаламгердің жазу ерекшеліктерімен байланыстырады. Себебі әрбір әдеби шығарма оқырманға оны жазған автордың шығармашылық ерекшеліктерін танытады. Оны тілден де, тақырып пен идеядан да, образ жасау тәсілінен де аңғаруға болады» [4, 78].

Демек, лирикадағы сюжеттік негіз деген ұғым - ғылым мен өнер атаулының бәріне қатысты және олардың әр саласындағы сипаты әр бөлек болып келеді. Ғалым Қ. Жүсіп еңбектерін негізге алсақ, онда лирикалық сюжеттің қалыптасу, даму және шыңдалу кезеңі, шығармашылық өрлеудің жоғарғы сатысы – шыңдалған суреткерлік шеберлік.

Сонымен қатар ақынның шығармашылығы оның өмір тарихымен, адамдық болмысымен, азаматтық бітімімен, өзгеден бөлек өз тәжірибесімен, білімімен, мәдениетімен, дүниетанымымен ұласып, тығыз байланысып, ұштасып келеді. Белгілі ақиық ақын М. Мақатаевтың лирикалық туындыларынан үлкен шеберлікті, шашау шығармай сөзбен салынған сюжетті көріністі сезінеміз. Ақынның лирикалық шығармаларының дербес суретті негіздеріне, құрылысына, көркемдігіне ерекше мән беретіндігін оңай аңғаруға болады. Нақты тоқталсақ, онда:

Тіптен де мен еместі,
«Мен» дегенім.
Сендірмеймін.
Сенбеңдер сенбегенің.
Басқаның жаны-сырын ұғу үшін,
Өзімді зерттегенді, жөн көремін.
Жыр жазу, кім біледі, ермек шығар?!
Ақын болу –
Неғылған қиын едің!!! – (М. Мақатаев. 137 б.)

деп жазылған өлең жолдарын мысал ретінде алуға болады. Демек, ақынның өлеңдері белгілі бір сюжетті көріністерге негізделеді. Оның жырларының әр тармағында кесек ой суреттері жатыр. Ақын өз ойын сөз-суретке түсіріп, сол қалыпта оқырманына көрсетеді. Бұл ерекшеліктерден қаламгердің асқан шеберлігі байқалады. Оның лирикалық туындыларында қолданған сөздері түгелдей көпшілікке түсінікті, таныс, қарапайым сөздер болғанымен, оқығанда көзалдына тұтас әлемді жайып салады. Ғалым Қ. Жүсіптің пайымдауынша, ақын жырларынан тереңдік те, сұлулық та, қарапайымдылық та, асқақтық та табылады. Оның өлеңдері ұйқас, ырғаққа

ғана емес, сезімге, толғанысқа негізделіп, лирикалық қаһарманның сезімі мен сыры болған жерде көңіл тербейтін жыр туады.

Ақынның қуанышымен қуантатын, қайғысымен қайғыртар, шаттығына бөлеп, үмітімен таныстыратын әсерлі сырын қараңыз:

Білдірумен жалғастырып жең ұшын,
Жасап жүрсем жаным күймес келісім,
Барлығы да

Поэзия, сен үшін! -деген өлең жолдарында да суретті көрініс аңғарылады. Сайып келгенде лирикадағы сюжеттік көріністі шебер әрі орынды қолданған ақынның қай өлеңіне көз жүгіртсеңіз жыр астарынан кейіпкердің қайнаған өмірін сезуге болады.

Сонымен лирикалық туындылардағы сюжеттік негіз - ақын бойындағы ой-сезім ағыны бір сарынмен келмей, әр түрлі ой мен сезім шарпысы, қақтығысы да болатынын, негізгі ой түйіні кейде алдыңғы, не кейінгі айтылған сөздерге басқаша мағыналық сипат дарытатынын да аңғартады:

Уақытты тоқтатар шамаң бар ма?
Бәрі өтеді: дәуірлер, замандар да.
Менің жаным ашиды мына өмірді
Өтпейтіндей көретін адамдарға!

М. Мақатаевтың лирикалық туындыларындағы сюжеттердің тоғысуы және өмірдің өтуі жайлы толғауы - көбіне-көп адамгершілік мәселесін қозғап, қанша астамшылық жасап, менменсіген адамның желігі басылатын кезі болады деп, сондай тез-ақ өте шығатын баянсыз мінезден сақтандырып, татулық пен достыққа адал болуды қуаттайды және көңілін толқытқан осы ойларын нақтылы біреулерді орынсыз істен, жеңіл сөзден сақтандырғандай, иландыра суреттей білген.

М. Мақатаевтың сюжетке негізделген лирикалық өлеңдері – ырғақты, эмоционалдық реңі бар ерекше өнер түрі.

Ғалым Қ. Жүсіп зерттеулерінде өткен ғасырдың 60–70 жылдарында қазақ поэзиясында жарқырап көзге түскен аты елге танымал ақындардың поэзиясы талданады. Нақты айтсақ, Ә. Тәжібаев, Ж. Молдағалиев, С. Мәуленов, Т. Молдағалиев, О. Сүлейменов, М. Мақатаев т.б. ақындардың шығармашылығының өзгеше бітім-болмысын, көркемдік қуатын, эстетикалық нысанасын, шеберлік сырын тануға әкелетін көркем сөз бен сындарлы ойдың бірлігінен туындап жатқан сан тарау талдаулар осылайша жалғаса береді [4, 219]. Поэзия әлемінде өзінің жан дүниесін суретті (сюжетті) негізде айқын көрсету – ақынның қатардағы қарапайым адамдардан дара әрі ерекше айырмасы.

Ғалым Қ. Жүсіптің ғылыми зерттеулеріндегі лирикадағы сюжеттік көріністердің берілу жолдарына назар салсақ, онда күллі әлемге қысылмай

қарап, қымсынбай сөйлеу үшін, адам сезімін суретті негізде көз алдымызға айнытпай әкелуі үшін қандай шеберлік, қанша рухани байлық керек деген ой туындары сөзсіз.

Қорытынды

Лирикалық шығармалардағы сюжеттік көрініс сипаттары – адамзат өркениеті қол жеткізген аса құнды да маңызды жетістіктерінің бірі болып табылады.

Лирикадағы сюжет мәселесі – лирикалық оқиғалы жанр түрінің бір саласы ретінде танылады. Дегенмен, лирикадағы сюжеттік көріністер ақынның өлеңдегі оқиға барысындағы адамның іс-әрекетінен тыс қарастырылмайды, сондықтан лирикадағы сюжеттік көрініс сипаттамасы поэзия саласында тіл танымдық құрал тұрғысынан, адамның танымдық әрекетіне байланысты алынып талданады. Лирик ақындар тілінің уақытпен үйлесім тауып, айшықты, бейнелі, мағыналы, мәнді, ажарлы, сұлу сөз өрнектерін жұмсай білуінде жатса керек. Сюжетке негізделген өлеңдер тілі, олардың айтқандары дәлдікке, нақтылыққа, сыршыл сезімге, нәзіктікке, көркемдікке, табиғи үйлесімділікке негізделгеніне көз жеткізуге болады.

Лирикадағы сюжетті өлеңдер тілінің бейнелілігі және ақындардың көркемдегіш тәсілдер арқылы сөздерді ойнатып қолдануында, көркем шығарманың қуаттылығы, көркемдігі, оның бай тілінде болғандықтан, ақындардың әдеби троптың барлық түрлерін де өзінің шығармаларында арқау ете алу мүмкіндігі бар. Оның себебі, суреткер ақындардың тілінің қарапайымдылығы сөзді өрнектеу тәсілінің құдіреттілігінде. Қазақ поэзиясы қай кезеңде де тұрақты эстетикалық өрісі бар образдарды пайдалануды көріктеу тәсілдерінің бірі етіп келген. Осы тұрғыдан келгенде, лирикалық туындыларда ақындардың қай-қайсысы да көркемдегіш тәсілдердің тұрақты жиынын да, өз қаламынан туған авторлы түрлерін де пайдаланғанын зерттеу барысында байқадық.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Жүсіпов, Қ.** Өлең – сөздің патшасы: Монография [Мәтін]. – Алматы : Жазушы, 1991. – 236 б.

2 **Жармағамбетов, Қ.** Қазақ әдебиеті: оқулық хрестоматиясы [Мәтін]. – Алматы : Қазақ мем. баспасы, 2008. – 450 б.

3 **Әбдірахманова, Т.** XX ғасырдағы қазақ әдебиеті: оқулық [Мәтін]. – Алматы : Білім, 1983. – 387 б.

4 **Жүсіп, Қ.** Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік [Мәтін]. – Павлодар : ЭКО, 2007. – 442 б.

- 5 **Peter Huehn**. Lotting the lyric forms of narration in poetry// *Literator* 31(3) Des./Dec. 2010:17–47
- 6 **Байтұрсынов, А.** Ақ жол [Мәтін]. – Алматы, 2011. – 420 б.
- 7 **Қабдолов, З.** Әдебиет теориясы [Мәтін]. – Алматы : Ғылым, 2004. – 581 б.
- 8 **Көпейұлы, М. Ж.** Көп томдық шығармалар жинағы. 4-том. – Алматы, «Алаш», 2005. – 336 б.
- 9 **Мырза, Әлі Қ.** Көп томдық шығармалар жинағы. 7-том. – Алматы, «Өлке», 2021–278 б.
- 10 **Мақатаев, М.** Көп тамдық шығармалар жинағы. 4-том. – Алматы, «Жалын» 2001–448 б.
- 11 **Абрамович, Г. Л.** Введение в литературоведение [Текст]. М., «Дом печати» 2007. – 133

References

- 1 **Jusipov, Q.** (1998). Olen - sozdin patshasy: Monografia [The poem is the king of words : Monograph] [Text]. Almaty, 1991. – 236 p.
- 2 **Jarmagambetov, Q.** (1970). Qazaq adebieti: oqylyq hrestomatiyasy [Kazakh literature: textbook anthology]. Almaty
- 3 **Abdirahmanova, T.** (1983). XX gasyrdagy qazaq adebieti: oqylyq [Kazakh literature of the 20th century: textbook] [Text]. Almaty : Bilim, 1983. – 387 p.
- 4 **Jusip, Q.** (2007). Qazaq lirikasyndagy stil jane beinelilik [Style and imagery in Kazakh lyrics] [Text] Pavlodar: EKO, 2007. – 442 p.
- 5 **Peter Huehn**. Lotting the lyric forms of narration in poetry// *Literator* 31(3) Des./Dec. 2010:17–47 p.
- 6 **Baitursynov, A.** (1991). Aq jol [White road]. Almaty, 2001. – 420 b
- 7 **Qabdolov, Z.** (1999). Adebiet teoriasy [Literary theory] [Text]. Almaty: Gylym.2004. – 2004. – 581 p.
- 8 **G. Kopeiuly, J.** (2005). Kop tomdyq shygarmalar jinagy [A collection of many poems.]. 7-tom. – Almaty, «Alash», 2005 – 336 p.
- 9 **Myrza, Ali Q.** Kop tomdyq shygarmalar jinagy [A collection of many poems.] 7-tom. – Almaty, «Olke», 2021 – 278 p.
- 10 **Maqataev, M.** Kop tomdyq shygarmalar jinagy [A collection of many poems]. 4-tom. – Almaty, «Jalyn», 2001 – 448 p.
- Abramovich G. L. Vvedenie v literaturavedenie [Introduction to Literary Studies] [Text]. Moskva, «Dom pechati» 2007. – 133 p.

Басып шығаруға 30.11.23 қабылданды.

*А. О. Абдырова¹, М. И. Оразханова²

¹Торайгыров университет,
Республика Казахстан, г. Павлодар;

²Павлодарский педагогический
университет имени Әлкей Марғұлан,
Республика Казахстан, г. Павлодар.

Принято к изданию 30.11.23.

ПРОБЛЕМА СЮЖЕТА В ЛИРИКЕ И ОСОБЕННОСТИ ЕЕ ИЗУЧЕНИЯ В ТРУДАХ УЧЕНОГО К. ЖУСИПА

В статье определено, что лирика – это особый жанр в современной казахской литературе, занимающий художественно-эстетическую мощь, выразительный в языковом и образном отношениях. Обсуждаются пути передачи, развития и формирования сюжета в казахской лирике. Используются методы литературно-художественного анализа путем сравнительного описания. На основе исследований ученого К. Жусипа анализируются сюжетные сцены в лирике. Способы передачи сюжета и образности в лирике, своеобразное жанровое проявление поэтической силы всесторонне изучаются на основе различных способов, сформированных литературоведом-ученым К. Жусипом.

Ученый К. Жусип сравнивает теоретические обоснования русско-казахских писателей по вопросу «сюжет в лирике», лирические сюжетные сцены в современной казахской поэзии, дифференцированные на научной основе в их произведениях, затрагиваются вопросы конфликта. Проблема лирического сюжета в современной казахской поэзии, дифференцированная на научной основе в исследованиях учёного, анализируется через произведения поэтов. Анализируются труды ученого-литературоведа К. Жусипа, в которых определяется, что образы, проявляемые лирическими героями, наполнены человеческим разумом и представлены благодаря чувствам.

Также один из вопросов, обсуждаемых в статье, заключается в том, что сюжеты стихотворений в лирике рассматриваются с точки зрения образа человеческого разума и мысли поэта с его мастерством.

В ходе исследования были использованы методы анализа, сравнения, дифференциации.

Ключевые слова: лирика, сюжетные сцены, мастерство художника, поэтическая сила, лирический герой, литературный анализ, исследование, мастерство.

**A. O. Abdyrova*¹, *M. I. Orazkhanova*²

¹Toraighyrov University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar;

²Pedagogical University named after Alkey Margulan,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Accepted for publication on 30.11.23.

THE PROBLEM OF THE PLOT IN THE LYRICS AND THE PECULIARITIES OF ITS STUDY IN THE WORKS OF THE SCIENTIST K. ZHUSIP

The article determines that lyrics are a special genre in modern Kazakh literature, powerful in artistic and aesthetic terms, expressive in linguistic and figurative terms. The ways of transmission, development and formation of the plot in Kazakh lyrics are discussed. The methods of literary and artistic analysis by comparative description are used. Based on the research of the scientist K. Zhusip, the plot scenes in the lyrics are analyzed. The ways of conveying the plot and imagery in the lyrics, a kind of genre manifestation of poetic power are comprehensively studied on the basis of various methods formed by the literary scholar K. Zhusip.

The scientist K. Zhusip compares the theoretical foundations of Russian-Kazakh writers on the issue of «plot in lyrics», lyrical plot scenes in modern Kazakh poetry, differentiated on a scientific basis in their works, the issues of conflict are touched upon. The problem of the lyrical plot in modern Kazakh poetry, differentiated on a scientific basis in the research of the scientist, is analyzed through the works of poets. The works of the literary scholar K. Zhusip are analyzed, in which it is determined that the images recognized by the lyrical hero are filled with human reason and given thanks to feelings.

Another of the issues discussed in the article is that the plots of poems in the lyrics are considered from the point of view of the image of the human mind and the poet's thoughts with his skill.

In the course of the study, methods of analysis, comparison, and differentiation were used.

Keywords: lyrics, plot scenes, artistic skill, poetic power, lyrical hero, literary analysis, research, craftsmanship.

Теруге 30.11.2023 ж. жіберілді. Басуға 29.12.2023 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,61 МБ RAM

Шартты баспа табағы 26,59. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 4165

Сдано в набор 30.11.2023 г. Подписано в печать 29.12.2023 г.

Электронное издание

3,61 МБ RAM

Усл. печ. л. 26,59. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова

Заказ № 4165

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz